



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

замандастарының сөзіне сүйенсек, оның жастық шағында аяғы матамен орап байланған қарындасының қиналғанын көріп өскен екен. Жас қыз түні бойы ұйықтай алмай, ыңырысып шығатын көрінеді. Қарт анасының өзі де қызының қиналғанына төзбейтін, бірақ, дәстүрден озбау керек, әрі бұл қыз өсіп бой жеткенде аяғы кішкентай болмағаны үшін бізді жазғырады деумен ғана шектелген көрінеді [4].

Қорыта айтқанда, неше мың жылдан артық уақытқа жалғасқан «Ши аяқ» салты өз кезегінде халық арасында «Сұлулық азап шегумен келеді», «Қатты таңылған аяқ, көз жасыңды көлдетер» секілді мақалдардың таралуына себеп болды. Өткен ғасырдың жартысына дейін өз үстемдігін жүргізген бұл салттан қытай әйелдерінің ерлердің сезімі мен құмарлығының ойыншығы ғана болғаны байқалады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Алдабек Н. Қытай тарихы (Ежелгі және орта ғасырлар кезеңі). – Үрімжі: «Шынжаң халық баспасы» -1996.
2. Лао Цзы. Лидердің даосы. Ауд. М.Кемел. – Астана: Аударма, 2003. – 80 бет.
3. 中国传统文化中的女性。 <http://wk.baidu.com/view/2adfe2f524ccbff021848?pcf=2&qrcode=1>
4. Мәсімхан Д. Қытай туралы қырық сөз. – Үрімжі: «Шынжаң халық баспасы» -2005.

УДК 13.91

ҚАЗАҚ КҮЙЛЕРІНДЕГІ ҚЫЗ БЕЙНЕСІ

Манапова Еркежан

erke-09@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, «Мәдениеттану» мамандығы магистранты,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Адаева Г.А.

Қазақ халқының басқа халықтардан ерекшеліктерінің бірі ол өзінің ұлттық музыкасының болуы. Атадан балаға жеткен, қадірлеп көзінің қарашығындай сақталып, қымбат қазынаға айналды. Қаймағы бұзылмай жеткен бұл өнердің бір шыңы – домбыра күйлері. Бұл мұра ғасырдан ғасырға іріктеліп, сұрыпталып, сүргіленіп, түрленіп жеткен халықтың өзімен бірге дамып, қалыптасып отырған. Байырғы кезде қазақ үйінің төрінде әрдайым домбыра ілулі тұрған немесе үй-ішінің біреуі домбырада күй шерпейтін отбасы қазақ арасында кемде-кем болған.

«Күй» сөзі түрік тілдерінің деректерінде ХІ ғасырдан бері белгілі. Махмуд Қашқаридің әйгілі еңбегі «Диван лұғат ит түрік» атты сөздеріндегі «көк» деген атау аспапты музыканы да, әнді де білдіреді. Осы күнгі татар тілінде де «күй» сөзі аспапты музыка мен вокалдық музыкаға ортақ қолданылады. ХVІ ғасырдан бермен қарай «күй» сөзі тек аспапты музыканы ғана білдіретін мағынаға ие болды. Дәстүрлі аспаптық музыка және күйшілік өнер қазақтың халықтық музыка мәдениетінің қос қанаты іспеттес. Қаншама ғасырлар бойы атадан балаға жалғасып келе жатқан күйшілік өнер, әсіресе бүгінгі күнге дейін шашау шықпай бізге жеткен домбыра мен қобызда орындалатын күйлер – дүние жүзінде теңдесі жоқ асыл қазына, ерекше құбылыс. Әр дәуірде ғұмыр кешкен күйшілік өнердің тарлан жүйріктері мен жансыз дүниеге жан бітіріп, тілін бұлбұлша сайратқан дүлділдері қаншама, орындаушылық өнердің сан тарау мектептері қаншама. Домбыра мен қобызға арнап шығармалар жазған халық композиторлары, ұлттық дәстүрді әрі қарай дамытып, аспаптық музыка саласында айтулы еңбектеріментанылған Қазақстан композиторлары. Осыдан соң дәстүрлі күйшілік өнер мектептерін саралай келе, Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет, Абыл, Ықылас, Қазанғап, Дина күйлерін атап айтуға болады[1].

Қазақ халқының музыкалық мәдениеті де сан ғасырларды артқа тастап, дамып, жетіліп келе жатқан мәдени құбылыс. Музыкалық бейне – музыка жанрындағы жүзеге асқан бейне. Сезімді, алаңдауды, терең ойды, ойлауды, бір немесе бірнеше адамның әрекетін, табиғаттың тылсым күшін сипаттайтын, адам өмірінен алынған оқиғаларды, халықты, адамзатты бейнелейтін бейне. Адам эмоциясын нақтылы, ерекше сыршыл сезіммен бейнелеуде музыканың мүмкіндігі мол. Сондай-ақ музыка идеялар әлемін, әр алуан құбылыстарды және болмыс шындығын суреттейді. Музыканың ерекшелігі бұл музыкалық бейненің ерекше эстетикалық құндылық өнердің қолданбалы және көркем мақсаттарының байланысында ашылады.

Адамның музыкалық іс-әрекетінің негізгі үш түрі бар. Олар

- *шығармашылық* (музыкалық шығарушылық),
- *орындау*,
- *қабылдау*.

Яғни автор музыканы тудырса, орындаушы қайта жаңғыртады, ал тыңдаушы оны есту арқылы қабылдайды. Музыканы насихаттау, ғылыми тұрғыда зерттеу, музыка сыны, музыка кадрларын даярлау сияқты іс-әрекеттің басқа да түрлерімен қосыла отырып, шығармашылық, орындаушылық өнер және қабылдау негізінен қоғамның музыка мәдениеті болып қалыптасады. Осы секілді музыка салаларының әрқайсысының өзіндік құрылысы болады. Мысалы, дамыған музыкалық мәдениеттің алуан белгілерімен дараланатын шығармашылық түрлері бар. Олар:

1) *Мазмұны жағынан:*

- лирикалық,
- эпикалық,
- драмалық,
- қаһармандық,
- трагедиялық, т.б.; басқаша айтқанда байсалды және жеңіл музыка;

2) *Орындаушылық жағынан:*

- вокалдық (жеке адам орындайтын)
- аспаптық музыка (ансамбльдік, оркестрлік, аралас музыка);

3) *Өнердің басқа түрлерімен және сөзбен қосылу жағынан:*

- театр музыкасы,
- би музыкасы,
- бағдарламалы аспаптық,
- мелодрама (музыка фонында көркемсөз оқу)
- сөзбен айтылатын вокалдық музыка;

Музыка - өнердің ішіндегі ең ерекше орын алатын өнер. Өнердің ең сезімтал түрі де осы өнер. Адам музыканы тек жан дүниесімен қабылдап сезінеді, оны тілмен жеткізу мүмкін емес. Сондықтан да, бүгінгі таңда музыкалық білім процесінде музыканы жалпы қоғамдағы жеке тұлғаның жан-жақты дамуына мүмкіншілікті ұғызатын ерекшелік ретінде қарастырады. Музыкалық шығармаларды игеру арқылы орындаушылық дағдыларын қалыптастырудың осы деңгейінде, балалар бойында музыкалық шығарманың дыбысталуын, көркем бейнені ашатын орындаушылық құралдарын пайдаланудың әдіс-тәсілдері білігі санада қалыптастырып отыр [2, 130].

Музыканың негізгі мазмұнын құрайтын – сұлулық, ал сұлулық- қуаныштың, шаттықтың белгісі. Музыканың адам көңіл-күйін жақсартып, тұлғалық дамуындағы сезімдік ой-өрісін дамытып, күш-жігеріне әсер етіп, бүтіндей жан-дүниесін ретке келтіретін арттерапевтік қасиетін де жоққа шығаруға болмайды.

Аспаптық музыка өнерінде киелі де қасиетті құс- аққуға арналған күйлер көптеп кездеседі. Бұл күйлер халықтың жан-жануарларды киелі санаған тотемдік ой – сенімдеріне байланысты. Киелі құс – аққуды халқымыз қасиетті ана, тылсым күштің иегері, сұлулық пен мейірімнің жаршысы деп ой-армандарына арқау еткен. Қазақстанның барлық өлкесінде тамырын кең жайған бұл күйлер аң – құстардың дыбыстарына еліктеуді көп

қолданады. “Аққу” күйлеріндегі күй құрылысының ең кіші бөлшектері сол қолмен іліп ойнау әдісінің өзі – ақ аққудың музыкалық бітімін жан-жақты аша алады. Бұл дыбыстық бейнелеу “Аққу” күйлерінің бәрінде де құстың дыбыстық бітімін жасайды. Бұл дыбыстық бітім туралы С.Аманов: “Аққу күйлерінің көркемдік мазмұны және өзіне тән стильдік белгісі күйдің фактуралық ерекшеліктеріне байланысты “ерікті”, яғни “белгілі ауамен” толтырылған. Мұндай көркем эффект күйлердегі дыбыстың алшақтығымен, үстіңгі ішектегі еркін самғаудың және қобыздағы “флажолет”, домбырадағы “форшлаг” әдістерінің де өте кең қолданылуымен де байланыстың [3, 15-25] – деп көрсетеді. “Аққу ” күйлерінің композициялық құрылымы осы іліп ойнау әдісімен шектеліп, бүкіл күйдің басынан аяғына дейін алма-кезек келетін қара қағыс түрімен орындалады. Қобыздағы флажолет пен домбырадағы форшлаг әдістері “Аққу” күйлерінің құстың бітімін айқындайтын тәсіл. Яғни, бұл шығарма күйдің көне үлгілерінің бірі саналатын осы жанрға қосылған жаңа туынды болып табылады[4, 319].

Күйші Мәди орындауындағы “Ақсақ қыз” күйінің жұмбақ аңызы бар. Халық күйі. “Баяғы өткен заманда бір шал мен кемпірдің ақсақ қызы, мал дегенде жалғыз өгізі бар екен. Кедейшілік, жоқшылықтан өгіз әбден жауыр болыпты. “Ұлынабалы - Ысынабалы” деген жер екен, жаугершілік кеп қалып көшіп жатқан ел екен! Жау кеп қалып , жалғыз өгізіне қараша үйін, керекті мүлкін артып, шал қайтейін десе, баспанасы қалады. Жұртқа қалған қызы “енді көрген күніміз не болады, беу-беу құдай-ай?!”, деп жылап жатқан кезі...Осы кезде бір тылсым күш көк бұқа ретінде келіп, кемпірдің көз алдына тұрады. Кемпір сол зарымен көк бұқаға отырған сәтте жау да төніп қалады. Бірақ, көк бұқа ешбір жеткізбестен кемпірді аман-есен шал мен қызына қосқан екен.” – дей келе, - “мынау кемпірдің жылағаны” (астыңғы ішекте), “мынау шалдың жылағаны” (үстіңгі ішекте), “мынау ақсақ қызыдың жылағаны” (астыңғы ішекте) деп домбыраны боздата жөнеледі. Қарапайым ұғыммен күй аңызының түп-төркінін аңғара қою қиын. Ал, тереңірек үңіліп, зерттеу еңбектеріне сүйенсек, жауабын табуға болады[4, 330].

“Ерке атан”- халық күйі. Баяғыда шал мен кемпір болыпты. Олардың жалғыз қызы, мал дегенде боталаған түйесі бар екен. Қыз бала ерке атанға бауыр басып, әбден үйренісіп кетеді. Күндердің күнінде қыз бой жетіп, оған құда түсіп, қыз ұзату рәсімі басталады. Ол уақытта қызға: “не қалайсың?” – дейді екен. Сонда қыз “кішкентайдан бірге өскен ерке атанды қалаймын,- дейді. Бірақ, әкесі “малымның басы” дей ме, әйтеуір атанды қимайды. Сонымен қыз әке-шешесін, елін, жұртын тастап сыңсуға салып кете барады. Қызға әбден үйреніп, бауыр басқан ерке атан қыздың көшінің артынан жүгіріп бара жатып дарияға түсіп кетеді. Сүйікті жануарына жаны ашыған қыз: “Әке-ау, әке-ау, ерке атан кетті, қайтейін”, - деп жылайды. Айтушы және орындаушы- Мәді Шәутиев [4, 325].

Дина дәстүрлі халық профессионалдарының өнерінен сусындап, үлгі-өнеге алған ұлы күшілердің соңғы буыны. Оның творчествосы аспаптық музыка мәдениетіміздің сан ғасырлық эволюциясын тәмамдай келе, күй формасының жаңаша өркендеп дамуына жол ашты. Динаның 1935 жылға дейінгі шығарылған күйлерінің көпшілігі оның өмір сәттерімен тығыз байланысты. «Байжұма», «Жігер», «Жаңа бозшолақ» күйлері дарынды күйші-композиторлар Дәулеткерей, Құрманғазы, Түркешке арналып, солардың күйі желісінің негізінде туған. «Қарақасқа ат» туған ауылын, жас кезін, бақытты шағын еске алуға, «Кербез» өмірінің ауыр кезеңінде ақыл беріп, демеу болған сүйікті абысының бейнесіне арналған. Оптимистік рухқа толы Динаның творчествосы тыңдаушысын үнемі өмір мен күреске шабыттандырады [5, 378].

Өмірде тұйықтау, ұстамды Сейтек тек қана домбырасымен ашыла сөйлесіп, оның қос ішегімен шынайы шешіле тілдесетін. Оның әрбір күйі-композиторлардың ішкі толғанысы. Сейтектің «Заман-ай», «Айдау күйлері» Сахалин аралына жер аударылып, қайғы-қасіреттен қан жұтқан адамның көрген азапты өмірі мен келешекке деген үміт-арманын, «Он алтыншы жыл» қазақ жастарының тылдағы қара жұмысқа айдалуына деген қарсылықты, ыза-кекті бейнелейді. Сейтек «Бұлбұл Айша», «Бес қыз», «Шарипа», «Қара-шаш» атты күйлерінде әйелдердің нәзік образын жасады. Сейтек енді ғана буыны бекіп, бұғанасы қатайып келе

жатқан Кеңес республикасының құрылу кезеңіндегі өзгерістерге алғаш үн қосқан композиторлардың бірі. Оның жаңа дәуірді жырлайтын, қуаныш пен шатыққа толы, салтанатты «Он жетінші жыл», «Тойбастар» тәрізді күйлері осының айғағы. Күй мазмұндарының алуан түрлілігі мен сан қырлығына қарамастан Сейтек творчествосына ерекше камералық үн және лирикалық бояу тән. Ол күй формасының жаңашылы болып табылады.

Әрбір музыкалық ойды түбіне дейін жеткізе, музыкалық материалды асықпай, философиялық тереңдікпен аша білу Қазанғап күйлерінің стильдік ерекшеліктеріне тән. Қазанғап күйлерінің қағыс иірімдері мен ойнау техникасы орындаушыдан үлкен шеберлікті талап етеді. Күйші шығармаларының құрылысы құрылмалы. Қазанғап творчествосы жақсы сақталған. Бұл күнде жұртшылыққа отыздан астам күйлері белгілі болып отыр. Қазанғап шығармаларының музыкалық образдарының ауқымы өте кең. Мәселен, «Көкіл» күйінде ауыртпалыққа толы өз өмірі туралы сыр шертсе, «Балжан қатын» күйінде теңіне қосыла алмай, малға сатылған қазақ қыздарының тағдырын бейнелеген. Қазақ даласындағы 1916 жылғы оқиғаға «Окоп», ал жаңа қоғам құрылысшысына «Учитель» күйін арнаған. Сонымен қатар, «Бұраң бел», «Тентек Ақжелкен» сияқты күйлерінде нәзік, сымбатты әйелдер образдарын жасайды [5, 379-381].

Құрманғазының ғұмырбаяны мен шығармашылығы төңірегінде жүргізілген ізденістер аз болған жоқ. Оның ішінде қыз бейнесіне, ана, әйел бейнесіне арналған күйлері тарихта қалған. Оларды айта кетсек: «Қыз Данайдың қырғыны» – Құрманғазының күйі. 1850 ж. Құрманғазы Жем өзенінің бойындағы Төремұрат, Өтен, Нарымбай ағаларымен барып қыз Данайды алып қайтады. Қыз соңынан шапқан қуғыншыларды Құрманғазы отауға жібермей келгенін қағып түсіріп, қорғап тұрады. Оның бұл батырлығына нағашылары риза болып, сый – құрмет жасайды. Шабыты шалқыған күйші осы қуанышқа арнап «Қыз Данайдың қырғыны» күйін шығарады. Құрманғазы күй арқылы ат тұяғының дүбірін, қиян-кескі ұрысты суреттейді. Арасында қыз Данайдың сұлулығын, сыңғырлаған күлкісін сазды дауыстармен бейнелей білген. Бұл күйдің шығуына байланысты Төремұрат ел жиып, мал сойып үлкен той жасайды. «Қайран шешем» – Құрманғазының күйі. Ақбайдың шабармандары Құрманғазыны арбаға байлап жүргелі жатқанда шешесі Ақбаланы көреді. Өлпештеп өсірген анасына әлі күнге дейін қайырымды іс істемегеніне өкініп, енді тағы міне айдалып бара жатқанын ойлап, көзіне жас кеп, шешесінің қасына келеді. «Мен ұл таптым деп жүрсем, жаман, жасық немені туған екем ғой. Кімнің алдында көзіңнен жас шығарып тұрсың?» – деп, жағына шапалақпен тартып жібереді. Құрманғазы өзінің қателігін түсінеді. Орал түрмесінде жатқанда осының бәрін ойлап, шешесіне арнап «Қайран шешем» атты күйін шығарады. Күй күйшінің қапастағы халін баяндағандай баяу басталады да, бірте-бірте әсерленіп, шабыттана төгіледі [6].

Қазақ күйлеріндегі қыз бейнесі. өткен замандарда алуан түрлі сипаттарда болды. Әр дәуірде тарихи және мәдени дамуына сәйкес оның бейнелеріне мифологиялық, діни, философиялық және әдеби түсініктемелер берілді. Соның нәтижесінде қазақ күйлеріндегі әйел бейнесі Сейтек күйлерінде әйелдердің нәзік образын жасады, Қазанғап күйлерінде қазақ қыздарының тағдырын бейнелеген. Қазақ халқының музыкалық мәдениеті де сан ғасырдарды артқа тастап, дамып, жетіліп келе жатқан мәдени құбылыс деп білемін.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақтың ән-күйі – ұлттық тәрбиенің көзі. Әдістемелік құрал – Редакциялық алқа мүшелері: Г.А. Есімбаева, Ж.Қ. Боқанова, Ж.К. Кәрімова Астана: «Шикула және К» ЖШС, 2013. – 40 б – қазақ тілінде.
2. Қоңыратбай Т. Қазақ музыкасының тарихы. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011.- 264б.
3. Шегебаев П. Стилиевые особенности восточно-казахстанской инструментальной музыки// Музыкальное искусство: наука и образование. Сборник научных трудов. – Астана: КазНАМ, 2004.-303 с.

4. Қазақ өнерінің тарихы. – 3 томдық. (Ежелгі дәуір, I том)-Алматы, “Өнер”, 2007. -352 б.
5. Қазақ өнерінің тарихы. – 3 томдық. (XIX ғасыр және XX ғасырдың бірінші жартысы, III том, 1-кітап). –Алматы: “Өнер”, 2008.- 608 б.
6. Ынтықбаева А.Қ. Құрманғазы күйлерінің шығу тарихы//el.kz/blogs/entry

УДК 140

ДИНИ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕРДІҢ РӨЛІ

Мамбетов Ербол Абдурахитович

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 1-курс магистранты,
Астана қ. Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - А. Кабылова

Қазіргі таңда дін төңірігендегі мәселелер әлемдік деңгейде өзекті тақырыптардың біріне айналғаны мәлім. Дін атаулысын саясатқа араластыра, саяси процестің айырықша белең алу себебі – дінаралық қақтығыс ошағындағы қозғаушы күші десек артық кетпеспіз. Өкінішке орай, әлем назарын өзіне аударып жатқан қақтығыстар, локальді соғыстар мен мемлекеттік дәрежедегі саясат дін ұғымымен тығыз байланыстырылуда. Мысалға айтар болсақ Таяу Шығыстағы жағдайлар, Сирия мен Ауғанстан мәселесі, Пәкістанмен Үндістан қарым-қатынасы, сонымен қатар ішінара бой көрсеткен саяси құралға айналған діни ұйымдарды жатқызуға болады.

Жаһандық деңгейде аса күрделі болып отырған бұл келеңсіздіктер Қазақстанды да айналып өтпесі анық. Әлемдегі саяси жағдай татулықтың отаны саналатын қазақ даласының бейбітшілігі мен татулығының бұзылуына қауіп туғызуда. Олай деп айтуға негіз болар айғақтарда да жетерлік.

Бүгінгі күні ежелден сан алуан мәдениет пен өркениеттің тоғысы болған қазақдаласында қазақтың кең пейілі, тарихи төзімі мен ұлтаралық татулығы арқасында, егеменді елде саяси тұрақтылық берік орнап, этникааралық татулықта жүз отыздан астам ұлт өкілдері тату-тәтті ғұмыр кешуде. Қазақ жұрты өзінің ерекше кең пейілділігінің арқасында елдегі ұлттар пен ұлыстың басын қосып егеменді ел бола алатынын көрсете білді. Осы аталмыш өнегемізді бүгінде әлемнің сарапшылары мен халықаралық ұйымдары басты жетістігіретінде мойындаған-ды. Бұл бүкіл елдің абырой беделін биікке көтеріп, мемлекеттің негізі болған қазақ ұлтының пәрмені мен парасатын дүниежүзіне паш етті.

Осы орайда ҚР Президенті ІХ Еуразия Медиа Форумында: «Қазақстан еуропалық тәжірибеге сүйене отырып, қауіпсіздік пен ынтымақтастықтың жаңа үлгілері мен құрылымдарын іздейді, әрі құрады. Бүгінде біздің тәжірибеміз Батыс пен Шығыс елдері үшін тартымды»[1]– деген сөзі еліміздегі қазіргі дінаралық және ұлтаралық кепілдігі екенін нақтылай түседі.

Дін – дәстүр болымысымен ұрпақтан ұрпаққа мұра болып қалыптасып, дін мен дәстүр үндестігі заңдылыққа айналды. Кез-келген халықтың мәдениеті мен өмір сүру салтының басты қайнары – дін. Сондықтан да қоғамның рухани, мәдени болмысы дінмен тығыз байланысты және діннен тыс болуы мүмкін емес. Ал, бұл дегеніміз кез-келген халықтың тарихи тұрақтылығына діннің шешуші рөл атқарып, рухани, мәдени өркендеуінің көкжиектерін айқындайтын ең басты дәйегі болмақ.

Терең тарихынан әр түрлі дінге бөлінбей, ата-бабаларымыз ұстанған дәстүрлі ислам маңызы орасан зор еді. Дегенмен, халқымыз үшін бүгінде дәстүрлі емес діни және дін атын жамылған ағымдар мәселесі өзекті мәселеге айналды. Көзсіз көбелектей жастарымыздың теріс ағымдардың жетегіне еріп, қоғамда кері әсерін тигізді. Бүгінгі күні жастарымыз сыртқы күштердің ықпалында кетіп, дәстүрлі дін жолына қарсы тұрып, өз бағыттарына тартуға